

Қашықтықтан оқыту жағдайында педагог-психологтер мен әлеуметтік педагогтердің жұмыстарын ұйымдастыруға арналған әдістемелік нұсқаулар (IV тоқсан 2019-2020 оқу жылы)

2020 жылғы 6 сәуірден бастап Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдары «Пандемия кезеңінде білім беру ұйымдарында COVID-19 коронавирустық инфекцияның таралуына жол бермеу» жөніндегі шараларды күшейту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 04.01.2020 жылғы №123 бұйрығына сәйкес пандемия кезінде қашықтықтан білім беру технологияларын қолдана отырып қашықтықтан оқытуға ауысады.

Төртінші тоқсанда педагогтер жұмыстарын қашықтан (білім беру ұйымынан тыс) жүргізеді.

Педагогтерден қашықтан оқытуды ұйымдастыру бойынша артық есеп талап етпесін, шығармашылық жұмыс жасауға мүмкіндік жасасын, онлайн-сабақтар өткізуді азайтып, оқытудың басқа технологияларын пайдалануды қарастырсын (14 тармақ).

Бұйрыққа сәйкес қашықтықтан оқыту технологиялары негізінде (оның ішінде оқу процесін тікелей жүзеге асыратын барлық пәндердің мұғалімдері үшін) оқу процесін қамтамасыз ету және сабаққа қатысуды бақылау үшін еңбек функцияларын орындайтын жұмысшылардың топтары (28 - тармақ) анықталды; кеңестер, мастер-кластар, ойындар және қашықтықтан жұмыс жасаудың басқа түрінде психологиялық көмек көрсететін **психологтер; әлеуметтік тәрбиешілер**, кеңес берушілер, қосымша білім беру мұғалімдері, оқушылар мен тәрбиеленушілердің ұйымдастырылуын бақылау, оқушылардың қашықтық режимдегі мектепішілік жарыстарға қатысуын қамтамасыз ету, аз қамтамасыз етілген, көп балалы отбасылардан шыққан, девиантты мінез-құлықты балалар, жетім балалар және ата-аналардың қамқорлығынсыз қалған балалармен жұмыс ұйымдастыру топтары анықталды.

29-тармаққа сәйкес мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының, оқу жоспарларының, типтік оқу бағдарламаларының орындалуын қамтамасыз ету, сағаттардың қысқаруына жол бермеу және бекітілген штат кестесіне (тарифтеу тізіміне) сәйкес мұғалімдердің жалақысын қамтамасыз ету қажет.

Жұмысты ұйымдастыру үшін бұйрық бойынша Әдістемелік ұсыныстар бекітілді (4 - қосымша).

Анықтама.

<https://www.unicef.org/kazakhstan/> сайтында «Мектептердегі COVID-19 алдын алу және бақылау жөніндегі негізгі хабарламалар мен іс-шаралар» пандемия кезінде психологиялық көмек, ата-аналар мен балаларға қолдау туралы материалдар орналастырылған.

Төртінші тоқсанда орта білім беру ұйымдарындағы психолог пен әлеуметтік тәрбиешінің жұмыстарын жылдық жұмыс жоспарына сәйкес жалғастыру ұсынылады, қашықтықтан оқытуға көшуді ескере отырып түзетулер енгізу қажет.

Педагог-психологке, әлеуметтік педагогке (лауазымдық міндеттеріне сәйкес) келесі бағыттарға сәйкес жұмыстар жүргізу ұсынылады:

- қашықтықтан оқыту жағдайында білім беру процесінің барлық қатысушыларына психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету: мұғалімдерге, студенттерге және олардың ата-аналарына (заңды өкілдеріне) психологиялық қолдау көрсету бойынша ұсыныстар әзірлеу;
- оқушылармен, ата-аналармен (заңды өкілдермен) онлайн-кеңес өткізу;
- онлайн - ойындар өткізу;
- қашықтықтан оқыту жағдайында оқытушылармен, оқушылармен және олардың ата-аналарымен өзара қарым-қатынас жасау жолдарын анықтау;
- қашықтықтан оқыту жағдайында жұмыс істеу үшін электронды деректер базасын (диагностикалық материалдар, презентациялар, жадынамалар, видео оқулықтар) құру;
- қажет болған жағдайда сынып жетекшілерімен бірге оқушылардың диагностикасын ұйымдастырады және өткізеді;
- мұғалімдермен, оқушылармен және олардың ата-аналарымен (заңды өкілдермен) кері байланысты қамтамасыз ету, кері байланыс нысанын жеке таңдау;
- аз қамтылған, көп балалы отбасылардағы оқушылармен, девиантты мінез-құлықты балалармен, жетім балалармен және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалармен жұмысты жалғастыру;

Әлеуметтік педагогтерге: кәмелетке толмағандар, «тәуекел тобына» енетіндер, ата-аналар қарауынсыз көшеде жүруге бейім, мектепішілік есепте тұрғандар, әкімшілік жауапкершілікке тартылғандар, жабық типті арнайы оқу орындарынан немесе емдеу-тәрбиелеу орындарынан оралғандармен күнделікті қашықтықтан мониторинг жүргізу;

- ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, қолжетімді интернет-платформаларды, Whatsapp, Telegram, электрондық пошта және т. б. қолдана отырып профилактикалық сабақтарды әзірлеу және өткізу;
- ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар мен олардың ата-аналарымен жеке кеңестер өткізу;
- кәсіптік бағдарлау мәселелері бойынша оқушылар үшін жеке және топтық консультациялар өткізу;
- жүргізілген жұмыс және оның нәтижелері туралы әкімшілікті хабардар ету (келісім бойынша, қажет болған жағдайда, проблемалық жағдайлар, сұрау салу бойынша);
- лауазымдық міндеттеріне, жұмыс жоспарына, істер номенклатурасына сәйкес есеп беру құжаттамасын жүргізу.

Анықтама.

«Bilim Foundation» ҚҚ кәмелетке толмағандар арасында суицидтің алдын алу жөніндегі жобаны жүзеге асыру шеңберінде «Кәмелетке толмағандар арасында денсаулық пен өмірлік дағдыларды қалыптастыру, сондай-ақ суицидтің алдын алу» бағдарламасын іске асыру шеңберінде ҚР Төтенше жағдай кезінде қашықтықтан онлайн-іс-шаралар кешені бойынша ұсынымдар әзірленді.

Педагог-психологтерге:

Осы бағдарлама шеңберінде анықталған психологиялық сүйемелдеу тобының (бұдан әрі ПСТ) жасөспірімдерімен жеке жұмыс жүргізу:

- апта сайын, қажет болған жағдайда WhatsApp, VK немесе телефон қоңыраулары арқылы ПСТ оқушыларымен онлайн-сұхбат өткізу (қоңыраулар кестесін жасау, бақылау журналдарына тіркеу);

- қажет болған жағдайда «Bilim Foundation» ҚҚ аймақтық үйлестірушілеріне әдістемелік қолдау алу, жасөспірімдер мен олардың ата-аналарына онлайн-кеңес беруді қашықтықтан режимінде ұйымдастыру мақсатында хабарласуға болады.

Білім беру ұйымдарының барлық кәмелетке толмаған жасөспірімдерінің психологиялық жай-күйін бақылау үшін келесі шараларды жүргізу:

- кәмелетке толмаған жасөспірімдерінің жалпы жағдайы туралы ақпарат алу үшін сынып жетекшілеріне/кураторларына хабарласу;

- сынып жетекшісі/куратор топтың мазасыздық жағдайы бойынша немесе кәмелетке толмаған басқа белгілері бойынша ақпараттандырған кезде онлайн-кеңес өткізу қажет;

- «Bilim Foundation» ҚҚ жіберген ақпараттық инфографикалар мен бейнероликтерді WhatsApp қосымшалары (ата-аналар, мұғалімдер және оқушылар чаттарына), Instagram, Facebook, VK және т.б. желілер арқылы тарату ұсынылады.

Сынып жетекшілеріне/Топ кураторларына:

- сынып жетекшілері/топ кураторларына кәмелетке толмаған жасөспірімдермен тәрбие сағаттарын онлайн режимінде өткізу кезінде, өзіне тән емес мінез-құлық белгілерін (мазасызданған, белсенді емес және т.б.) байқаған жағдайда, білім беру ұйымдарының психолог маманын және әкімшілігін хабардар ету қажет;

- білім алушы мен оның ата-анасы 2 күн байланысқа шықпаған жағдайда білім беру ұйымдарының әкімшілігін хабардар ету;

- «Bilim Foundation» ҚҚ жіберген ақпараттық инфографикалар мен бейнероликтерді WhatsApp қосымшалары (ата-аналар, мұғалімдер және оқушылар чаттарына), Instagram, Facebook, VK және т.б. желілер арқылы тарату ұсынылады.

Пандемия кезеңінде коронавирустық инфекцияның таралуының алдын алу мақсатында орта білім беру ұйымдарында қашықтықтан білім беру технологиялары негізінде оқу процесін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар

1. Жалпы ереже

3. Қашықтықтан білім беру технологияларын қолдану арқылы оқыту (қашықтықтан оқыту) – интернет-ресурстар мен ТВ-телесабақтар арқылы жүзеге асырылатын және оқу процесіне тән компоненттерді қамтитын педагог пен білім алушылардың қашықтықтан өзара әрекеттестігі. ҚБТ - оқу процесіне тиісті компоненттерді бейнелейтін және телевизиялық (телесабақтардың), желілік және кейс-технологиялар көмегімен іске асырылатын педагог пен білімалушының қашықтықтан өз ара қарым-қатынасы арқылы жүргізіледі.

4. Орта білім беру ұйымдарында оқыту процесін ұйымдастыру тәртібі

19. Қашықтықтан білім беру технологиясы арқылы оқыту процесі МЖМБС, Типтік оқу жоспарлары мен бекітілген сабақ кестесіне сәйкес жүзеге асырылады. Қажет болған жағдайда оқытудың икемді түрін қамтамасыз ету үшін сабақ кестесіне түзетулер енгізіледі.

20. Оқыту процесінің барлық қатысушылары оқу контенті бар ТД-телесабақтарға және электрондық платформаларға қол жеткізе алады.

5. Орта білім беру ұйымдарының оқу-тәрбие процесіне қатысушылардың қызметі

29. Педагог-психолог:

- қашықтан оқыту жағдайында білім алушылар мен олардың ата-аналарына (заңды өкілдеріне) психологиялық қолдау көрсету бойынша ұсыныстар әзірлейді;
- білім алушылармен, ата-аналармен (заңды өкілдерімен) онлайн-кеңес өткізеді;
- қашықтан ойындар өткізеді.

Сонымен қатар, Қосымшада электрондық білім беру материалдарына әдістемелік талаптар ұсынылған.